

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ МӘДЕНИЕТІ ТОҒЫСҚАН КЕШ

Жақында қаламызда түркі әлемінің сәні мен мәдениетін паш еткен ерекше кеш өтті. Аталмыш басқосу тек ұлттық киім үлгілерін таныстырумен шектелмей, қаланың туризмін, мәдени өмірін жандандырып, түркі тілдес мемлекеттердің бірлігін нығайтуды көздейтінін аңғардық. Оған түркі тілдес елдердің жетекші дизайнерлері мен Астана қаласынан арнайы шақырылған 50-ге жуық топ-модель қатысты.

Іс-шараның басты мақсаты - ұлттық ерекшелігіміз арқылы әлем назарын аударып, Түркістанның туризмін дамыту және түркі елдерінің мәдени ынтымақтастығын арттыру болды.

Түркістан сән апталығының ерекшелігі - түркі тілдес ұлттардың көне ұлттық киімдерін көрсету, шетелдік және еліміздің танымал тұлғаларының қатысуы, алдағы жылдары билеттерді шетелдік сайттар арқылы сатуды жоспарлау, сондай-ақ еліміздің топ-модельдерінің өнер көрсетуі.

«Достық үйінде» өткен кешке «TÜRKİYE FASHION WEEK» продюсері Эмрах Кайыхан Түркиядан арнайы келді. Сондай-ақ Астанадан қобызшы Акерке Тәжібаева, айтыскер ақын Айшолпан Тілеутай келіп, іс-шараның сәніне сән қосты.

Еліміздің бірқатар өңірлерінен және түбі бір түркі халықтарының осы саладағы жетекші өкілдері яғни, талантты дизайнерлердің таныстырған коллекциясы ұлттық нақыш пен заманауи сәнді үйлестіріп, көрермендерге керемет әсер қалдырды. Сән апталығының соңында қырғыз делегациясы өз алғыстарын білдіріп, бауырлас елдер арасындағы достық пен ауызбіршіліктің жарқын үлгісі осындай кадамдармен жалғасып жатқанына ризашылықтарын жеткізді. Олар осындай іс-шаралардың халықтар арасындағы ынтымақтастықты жақын-дастыратынын атап өтіп, өздерінің әсем әндерін шашу ретінде орындады.

«Sungkar_models» агенттігі ұйымдастырған Түркістан сән апталығы Түркістан облысы туризм



басқармасының қолдауымен өтті. Бұған дейін агенттік «Top model KZ», «Astana fashion week» республикалық жобаларын іске асырған. Сән апталығы түркі ұлттарының сән әлемін бір арнаға тоғыстырып, түркі тілдес елдер арасындағы ынтымақты күшейтті.

Несібелі ИМАНҚҰЛОВА.

ЖҮГЕРІ ДӘНДІ ДАҚЫЛДАРЫ СЫНАҚТАН ӨТКІЗІЛУДЕ

Түркістан облысы, Сауран ауданына қарасты Шәйтөбе ауылында орналасқан «Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау жөніндегі мемлекеттік бөлімше» бірнеше жылдан бері аймақтың климаттық жағдайына бейім сорттарды тексерумен айналысып келеді. Мұнда әр маусымда әртүрлі дақылдардың жаңа және стандарт түрлері егілді, салыстырмалы сынақтар жүргізіліп, өнімділігі жоғары сорттар іріктеледі.

Соңғы жылдары бөлімше алқабы шамамен 30 гектар көлемінде жұмыс істеп, жүгері, мақта, құмай жүгері, тары жүгері сияқты дақылдардың көптеген нұсқаларын сынақтан өткізді. Жүгері дақылы бойынша 72 сорт егілді, олардың ішінде ауа райына төзімді, өнімділігі жоғары түрлері анықталып отыр. Әсіресе соңғы жылдары жаңа енгізілген бірнеше жүгері сорттары Түркістан өңірінің климатына жақсы бейімделіп, жоғары нәтиже көрсеткен.

Құмай жүгерісі мен мақтаның да бірнеше отандық және шетелдік селекциялық сорттары зерттеліп, олардың өнімділік деңгейі мен жергілікті жағдайға икемділігі тексерілді. Тары жүгерінің жаңа «Галифакс» сорты жақсы көрсеткіш беріп, шаруаларға тиімді болатыны дәлелденді.

Қазақстанда қолдануға ұсынылған селекциялық сорттардың қатарында:

Құмай жүгеріден: Арқан, Асель-2017;

Мақтадан: Карла, Мактаарал-5027 сияқты өнімді сорттар бар.

Жүгерінің 2023–2024 жылдары сыналған көптеген нұсқалары ішінде ауа-райы құбылмалылығына шыдамды, тұрақты өнім берген сорттар ерекшеленді. Олардың қатарында ЛГ топтамасының бірнеше үлгілері, Джоурни, Андромеда, КВС және басқа да перспективалы сорттар бар.

Бөлімше мамандары алдағы уақытта жаңа сорттарды көбейтіп, өңір шаруашылықтарына бейімделген дақыл түрлерін ұсынуды жалғастырмақ.

Болат СЕРИКБАЕВ,
Түркістан сорт сынау бөлімше басшысы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САНА

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана» ұғымы қоғамдық сананың барлық нысандарын қамтиды.

Бұл интегративті ұғым, себебі ол өзіне әртүрлі ғылым саласынан ақпаратты сіңіреді, әртүрлі оқу пәндерінде зерделенеді және ол туралы білімді тұжырымдауда зерттелетін құбылысты түсінудің жаңа деңгейіне шығады. Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қоғамдық сананың өзге де нысандарымен тікелей

өзара байланыста болады және қоғамдық санаға тән барлық қасиеттер және сипаттамаларды меңгереді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік органдарға командалану келу үрдісіне жол бермей. Қазіргі таңдағы қоғам дерті - сыбайлас жемқорлық болып отыр. Онымен тек қана уәкілетті органдар емес, мемлекет және қоғам болып күресудің маңызы зор. Бар тәрбие тал бесіктен демекші, азаматтық қоғам құрудың алғашқы іргетасы ұрпақ тәрбиесінен басталады.

Айжамал БАЙЖАНОВА,
Түркістан қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасы бас маман-бас қазынашысы.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

Түркістан қаласы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ «Түркістан облысы, Түркістан қаласының Бас жоспары. Түзету» жобасы және «Түркістан облысы, Түркістан қаласының Бас жоспары. Түзету» жобасына стратегиялық экологиялық бағалау туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 26 желтоқсанда сағат 10:00-де Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Өмір Темір көшесі, 28 мекен жайы бойынша Түркістан қаласы қалалық әкімшілігінің ғимаратында, конференция залында ашық жиналыс түрінде өтеді.

Қатысушыларды тіркеу 60 минут бұрын жеке басын куәландыратын құжат арқылы тіркеледі.

Қоғамдық тыңдау онлайн Zoom платформасы арқылы өтеді.

Онлайн қатысу үшін төмендегі Zoom сілтемесі арқылы қосылуға болады: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a10a0a3ROUGROyM1xZDZtbXJnTKNRU>

T09

Конференция идентификаторы: 616 540 8596

Кіру коды: 123456

Бастамашы туралы мағлұматтар: Түркістан қаласы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ

БСН 060240013099, Телефон: 8-778-249-2990. e-mail: saulet_tur_city@mail.ru

Жоба әзірлеушілері «МПК-Проект» ЖШС, БСН 050140010009, Түркістан облысы, Шардара ауданы, Қауысбек Тұрысбеков а.о., Шардара а., Қара Шаңырақ көшесі 21-үй. Телефон: +7 (7252) 92-11-84. e-mail: toompkproekt@mail.ru

«КазЭкоаналитика» ЖШС, БСН 130140014396, Алматы қ., Сейфуллина к. 597 А, 308 кеңсе, телефон: 8 (747) 221 05 01, e-mail: kazeco2302@gmail.com

Жергілікті атқарушы орган: Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы. e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz

Жоба бойынша құжаттама БЭП-те орналастырылған: <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar> қоғамдық тыңдаулар бөлімінде көрсетілген.

Мүдделі тұрғындардың ескертулері мен ұсыныстары: kazeco2302@gmail.com электронды пошталары арқылы 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады. Қосымша ақпаратты +7 747 221 05 01 телефоны арқылы алуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Бекқұлиев Н.Б.» ЖК Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбар ауылы, 077 квартал, 801 ғимарат, мекен жайында орналасқан «Жанармай құю станциясы» жобасы бойынша «қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар арқылы

қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Жоба бойынша құжаттама орналастырылған, сондай-ақ ескертулері мен ұсыныстары қабылданатын сайттың мекен-жайы, <https://ndbecology.gov.kz/>, 2025 жылдың 01 желтоқсаннан бастап бес жұмыс күні ішінде қол жетімді болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ИП «Бекқұлиев Н.Б.» проводит общественные слушания в форме публичного обсуждения по разделу «Охрана окружающей среды» проекта «Автозаправочная станция», расположенного по адресу: Туркестанская область, Ордабасинский район, село Шубар, 077 квартал здание 801. Проектная документация размещена на сайте <https://ndbecology.gov.kz/>, где также принимаются замечания и предложения. Доступ к материалам открыт с 01 декабря 2025 года в течение пяти рабочих дней.

МҰРАГЕРЛІК ЖАРИЯЛАНАДЫ

Түркістан қаласы, Д.Нысанбаев көшесі №2 үйде тұрған, 11.01.2016 жылы қайтыс болған Айтматова Мавлюда Джухрахановнаның мүлкіне мұра ашылды.

АИТВ-НЫҢ АЛДЫН АЛУ ПРИНЦИПТЕРІН ҰҒЫН

АИТВ-ның берілуі мен сақтану жолдары туралы жеткілікті ақпаратқа қарамастан, өкінішке орай АИТВ індетінің қарқыны басылар емес. АИТВ алдымен иммундық жүйенің клеткаларын (CD4+ Т-лимфоциттер, макрофагия және дендриттік клеткалар), сондай-ақ клеткалардың кейбір түрлерін жұқтырады. Вирус клеткаға ене отырып, белсенді түрде көбейеді. Бұл соңында жұқтырылған клеткалардың бұзылуына және жойылуына әкеп соғады. АИТВ-ның болуы уақыт өте келе иммуноқүзіретті клеткаларды іріктеп жоюы және олардың субпопуляциясы басуының салдарынан иммундық жүйенің бұзылуына әкеледі. Клеткадан шыққан вирустар жаңадан еніп, цикл қайталана береді. Ақырында CD4+ лимфоциттердің саны соншалықты азайып, ағза дұрыс қызмет істеп тұрған иммундық жүйесі бар дені сау адам үшін қауіпсіз немесе онша қауіпсіз оппортунистикалық инфекциялардың қоздырғыштарына қарсы тұра алмайды.

ЖИТС – жүре пайда болған иммун тапшылығының синдромы, аурудың соңғы, терминальды сатысы. АИТВ адам ағзасындағы оппортунистикалық аурулар дами бастағанда иммундық жүйені белгілі бір жағдайға дейін әлсіретуі мүмкін. ЖИТС диагнозы әдетте CD4+ лимфоциттердің бұзылу салдарынан иммундық жүйенің үдемелі әлсіруіне әкелетін, адамда бір немесе бірнеше өте қауіпті аурулар дамығанда, АИТВ жұқтырғаннан кейін бірнеше жыл өткен соң қойылады. Қазіргі таңда бар ретровирусқа қарсы терапия вирустың белсенділігін және иммундық жүйеге тигізетін зиянды

төмендетуге мүмкіндік береді, осылайша АИТВ жұқпасының ЖИТС сатысына өтуіне және дамуына кедергі келтіреді.

Бұл вирус адам ағзасының сұйықтығынан тыс өмір сүрмейді, тұрмыстық қарым-қатынаста берілмейді және әр адамның қорғалуға және өз жақындарына көмек көрсетуге мүмкіндігі бар. Сонымен, АИТВ – адамның иммун тапшылығының вирусы. АИТВ адамның ағзасына түскен кезде, бізді аурулар мен инфекциядан қорғайтын ағзаның иммундық жүйесін бұзады. 1982 жылы шідеде алғаш рет жаңа ауруды белгілеу үшін СПИД термині ұсынылды. Осы жылдың қыркүйегінде оппортунистикалық инфекциялар қатары негізінде диагностикадан өткен гомосексуал еркектерге, есірткі тұтынушыларға А гемофилиямен ауыратындарға ЖИТС алғаш рет толық қанды ауру ретінде анықталды. 1983 жылы АИТВ-ны екі зертханада Люка Монтаньеннің жетекшілігімен Франциядағы Пастер институтында және АҚШ-тағы Ұлттық рак институтында Роберта Галлоның жетекшілігімен дербес ашты. 1938 жылғы 20 мамырдағы зерттеу нәтижелері бойынша алғаш рет жаңа ретровирусты бөліп көрсетудің жолы түсті. Француз және америка зерттеушілері ашқан вирустар генетикалық жағынан ұқсас екендігін тапты. Вирустардың алғашқы атауы қысқартылды және ВИЧ деген жалпы атау ұсынылды.

Ф.САФАРОВА,

Түркістан қалалық емханасы №5 Отбасылық денсаулық орталығының жалпы тәжірибелі дәрігері.

ТАҒАМНАН УЛАНУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ

Тағам токсикоинфекциясы немесе тамақтан улану - қоздырғыш (патогенді) микробтар ұялаған немесе олардың токсиндері сіңген тағамдарды пайдаланудан пайда болатын жедел жұқпалы ішек аурулары.

Тағам токсинфекциясы негізінен тез бұзылатын әртүрлі тағамдарды дұрыс, таза сақтамаған және тұрып қалған тағамдарды пайдалану арқылы жұғады.

Науқас адамға жедел жәрдем көрсету негізінен асқазанды жуып тазалау және тазалау клизмасын жасау болып табылады. Аурудың басты алдын алу шаралары: тағамдардың дұрыс дайындалып, дұрыс сақтауын қадағалау, тез бұзылатын тағамдарды, сүт өнімдерін арнайы мұздатқыштарда сақтау, сақталу мерзімі өтіп кеткен тағамдарды пайдаланбау және жалпы санитарлық ережелерді дұрыс сақтау болып табылады.

Тағамнан уланудың алдын алу жолдары Тамақтан улану жылдың барлық мезгілінде тіркеледі. Тамақтан, яғни астан улану тағам арқылы берілетін этиологиясы сан алуан кеселдер тобына жатады.

Тамақтан улану табиғаты микробты және микробсыз болып бөлінетін,

ластанған тағамдарды қолдану салдарынан пайда болатын, қарым-қатынас арқылы жұқпайтын ауру.

Жүрек айнуы, құсу, температураның көтерілуі, денедегі ауырсыну және бас ауруы – уланудың негізгі белгілері. Азық-түлікпен улану немесе тамақтан улану – сапасыз өнімдерді пайдаланудан болатын ауыр жағдай. Тамақтан улануға мерзімі өткен сүт өнімдері, нитраттары көп тағам өнімдері, жабық консервілер – бірден-бір себеп. Тамақтан улану кезінде іш ауырады, жүрек айнуы, құсу, іш өту, денедегі әлсіздік болады. Қазіргі уақытта адам кез келген жерден улануы мүмкін. Мысалы, белгісіз құрамды етпен дайындалған фаст-фуд тағамдары, салаттар, бөліштер және шаурма микроорганизмдердің ортасы саналады. Тамақ токсикоинфекциясы, яғни тағамнан улану микроорганизмдері, олар - стрептококктар, стафилококктар, ботулизм б а к т е р и я л а р ы , ш и г е л л а л а р , сальмонеллалар.

Тамақтан улануды болдырмау үшін тамақтану гигиенасының, тағамды сақтау мен дайындаудың қарапайым ережелерін орындау қажет:

- жеке гигиена ережелерін сақтау;

- қолды жиі жуу, әсіресе қоғамдық орындар мен дәретханаға барғаннан кейін;

- тамақ дайындау кезінде бір рет қолданылатын резеңке қолғапты қолдануға болады;

- ас үй ыдысын, плитаны, үстелдің бетін, раковинаны, тактайшаларды арнайы құралдармен жуу және таза ұстау;

- тамаққа қолданылатын өнімдерді өңдеу және сақтаудың барлық ережелерін сақтау тиіс; - жаңа және дайын өнімдерді өңдеу үшін әр түрлі пышақ пен кесу тактайларын пайдалану керек;

- өнімдерді жәндіктер мен кеміргіштерден қорғау. Азық-түлік ашық жерде, еденде сақталмау тиіс;

- өнімдерді ауаның түсуінен барынша оқшаулап, ыдысты қақпақпен жауып, ыдыс-аяқ пленкамен жабылу қажет;

- қокыс шелегін дезинфекциялау құралдарымен өңдеп, оны қақпақпен жауып, қоқыстан жиі босату керек;

- ұсақ туралған ет пен балықты суда ерітуге болмайды;

Тамақтан уланудың алдын алу, олардың салдарларымен күрескеннен гөрі, тамақ сатып алудан бастап тамақтанғанға дейінгі барлық кезеңдерде алдын алу шараларын сақтау, тамақтан улануға жол бермейді.

Ш.ИМАНТАЕВА,

Түркістан қалалық СЭББ басшысы.

РЕНТГЕНОЛОГИЯ - ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУДАҒЫ КӨЗГЕ КӨРІНБЕЙТІН КӨМЕКШІ

Қазіргі медицинада рентгенологияның орны ерекше. Бұл сала – дәрігерлердің ауруды көзбен көрмей-ақ, дәл анықтауына мүмкіндік беретін ғылым. Рентген, компьютерлік және магниттік-резонанстық томография сынды зерттеу әдістері көптеген дертті ерте кезеңде анықтауға жол ашады.

Бүгінде рентгенолог – тек суретке түсіретін маман емес. Ол – диагноз қоюда шешуші рөл атқаратын сарапшы. Рентгенологиялық тексеріс арқылы сүйек жаракаттары, өкпе, жүрек, ішкі ағзалар мен жүйке жүйесінің көптеген ауруларын анықтауға болады. Бұл әдістер емдеу тактикасын дұрыс таңдауға және науқастың сауығу жолын бақылауға мүмкіндік береді.

Рентгенолог болу үлкен жауапкершілікті, дәлдікті және үнемі білімін жетілдіруді қажет етеді. Әсіресе жас резидент-дәрігерлер үшін тәжірибелі ұстаздардың жетекшілігі мен заманауи құрал-жабдықтарда жұмыс істеу – кәсіби қалыптасудың басты бөлігі.

Рентгенология – көзге көрінбейтін, бірақ денсаулықты қорғауда маңызды үлес қосып жүрген сала. Әрбір сурет пен кескіннің артында – адамның өмірін сақтап қалуға бағытталған үлкен еңбек жатыр.

С.БЕКМЕТОВА,

жалпы практика дәрігері, рентгенолог-резидент Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Постдипломдық білім беру кафедрасы.